


ОРИЕНТАЛИЗМ

Европа әдебиетіндегі (проза)
«Басқаның» образы





Мақсаты: Европалық авторлардың Шығыс жайлы туындыларының (проза) ерекшеліктерімен танысу.

Әдебиет, музыка, скульптура көркемөнердің басқа да салаларындағы образды философия мен психологиядағы образ ұғымынан айыру үшін «көркем образ» деген атау да қолданылады.

Көркем образ – шындықты танып-білуде әдебиет пен өнерге тән ерекше эстетикалық категория. Көркем шығармада сөзбен сомдалған кез келген құбылысты (көбінесе әдеби қаһарман бейнесін) образ деп атайды. Мысалы: М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы халық образы, Абай образы – өнер мен халықтың немесе өнер мен сананың арасындағы арнайы байланысты негіздейтін эстетикалық категория.

Образ дегеніміз – сөзбен баяндалған сурет. Көркем шығармадағы түп тәркіні бейнеден, суреттен шыққан әрбір сөз бедерлі бейнеге, тірлікке, әрекетке ие болғанда образға айналады. Образдың мақсаты кез келген қарапайым құбылысқа немесе затқа жан бітіріп сөйлеу (Мысалы, Күлімсіреп аспан тұр, Абай). Кез келген образ заттық және мағыналық екі компоненттен тұрады. Образдың заттылығы бір сөзбен ғана берілген сипаттамадан бастап, оқиғаны жіліктеп, оның жай-жапсарын тереңдете суреттеуге (пейзаж, портрет, көңіл күй) дейін қамтиды. Ол бүкіл сюжеттік желіге (өлеңнің, әңгіменің, т.б.) негіз болып тартылуы да мүмкін. Жалпылама мағыналық образ іштей дербес ұқсас, типті және мотив-образ, топос, архитип болып бөлінеді. Мысалы, мәңгі типтік образ: Дон Кихот, Гамлет, Фауст, бұларға қазақ әдебиетіндегі Шығайбай, Қарабай, Судырахмет, т.б. жатқызуға болады.

Эдвард Саидтің «Ориентализм» еңбегі бойынша «Басқаның» образы мәселесіне келетін болсақ, «Басқа» концептіне біз алдыңғы дәрістерде тоқталған болатынбыз. Бұл жерде «Басқаның» образы дегеніміз – Шығыстың образы, нақты айтқанда Батыс әдебиетіндегі Шығыстың көркем образы. Қарастырылатын сұрақтар:

- Шығыстың Батыс әдебиетіндегі образы қандай?
- Батыста Шығыс жайлы қандай көркем туындылар бар?
- Онда Шығыс жайлы не баяндалды?
- Саид өз еңбегінде оны неге «бұрмаланған, шындыққа жанаспайтын образ» деді?

Европа әдебиетіндегі шығыс тақырыбы, батыс қаламгерлерінің шығармаларында Шығыстың бейнесі туралы сөз еткенде ең алдымен әдебиет – бұл сөз өнері екенін есте ұстау қажет. Онда шынайы өмірдің ақиқаты автордың шығармашылық қиялы, сезімі мен көңіл күйі арқылы өрнектеліп береді. Әдеби шығармада ғылым мен оқу-әдістемелік мәтіндегідей нақты факті мен мәлімет жеткізу алғашқы кезектегі міндет емес. Әр автор өзінің көзбен көргенін ғана емес, жүреппен сезгенін жеткізеді, өз тәжірибесі мен суреткерлік шеберлігі арқылы суреттейді.

Әдебиет қоғамдық сананың ерекше түрі есебінде шындықты логикаға сүйеніп емес, көркем тіл арқылы суреттеп көрсетеді. Ең бастысы – сол шындықтың адам табиғатына сыйымдылығы және нанымдылығы. Сондықтан да әдебиет нақты адаммен бірге сол адам өмір сүрген дәуірдің шежіресі, көркем тарихы болып табылады.

Батыс пен Шығыс арасындағы әдеби байланыстардың тарихы өте терең. Шығыс әдебиеті Батыс әдебиетіне өзінің идеялары, мотивтері, образдары арқылы әсер етті.

Шығыс әдебиеті Батысқа ең алғаш эллиндік дәуірде өзінің «эпизодтары» (новеллалар) түрінде әсер ете бастаса, кейіннен крест жорықтары кезінде драмалық поэмалар мен батырлар жайлы «әндер» ортағасырлық Батыс әдебиетіне үлкен ықпалын тигізді.

Ал XV–XVI ғасырларда отарлық экспансия кезінде Батыстың әдебиетіне филоориентализм (Шығысқа деген махаббат) идеясы енеді.

XVIII ғасырда Европаға Шығыстың әдеби әлемі танылады, осы кезеңнен бастап Шығысты тану классикаға айналады.

Алғашқыда шығыс мотивтері Батыс әдебиетінде сюжетті жаңалау немесе идея туғызу үшін экзотикалық немесе тарихи фон ретінде қолданылды. Сырттай безендіруші құрал түрінде жүрген шығыс мотивтері ғасырлар өте келе Батыс романтизмі өкілдерінің туындыларында жаңа эстетикалық жүйенің бөлшегі болып енеді. Батыс пен Шығыс өміріндегі шексіз қайшылықтар танымның жаңа тәсіліне айналады. Мүлде ұқсамайтын мәдениеттер енді бір-біріне белсенді түрде әсер ете бастайды. Осылайша Шығыс эстетикасы Батыстың ойлау жүйесіне енеді.



Романизм дәуірінде шығыс тақырыбы авторлардың басты назарында болды, ал Шығыстың өзі романтикалық бостандық, құпия және белгісіздік ұғымдарымен астасып кетті.

Шығыс сюжеттері француз әдебиетіне XVII ғасырда кеңінен таралды. Саяхатшылар Франсуа Берньенің Үндістанға, Жан Шардэннің Персия мен Үндістанға әңгімелері бірден танымал болды. Ал 1708 жылы Галлан аударған «Мың бір түн» ертегілерінен Шығыс әлемін Европаға қарсы қою дәстүрі басталды.

Шығыс тақырыбында алғаш болып Байронның сериялық «шығыс поэмалары» «Гяур», «Корсар» поэмалары, Новалистің (Барон Фридрих фон Гарденберг) «Гейнрих фон Офтердинген» романы туады. Романтиктер Шығыс образына «идеал» идеясын, шынайылық пен даналықтың тазалығын жинақтайды.

Новалис романында алғаш рет Шығыс және Батыс мәдениеттерінің синтезі идеясы көтеріледі және неміс романтизмінің ең маңызды идеясына айналады, ал кейіннен Гётедің атақты «Шығыс-Батыс диуанында» анық көрініс табады.

Қайта өрлеу дәуірінің әдебиеті шығыс сюжеттеріне, идеяларына, образдарына, композициялық әдістеріне толы болды, олар классикалық канондар аясынан сырт тұрды.

Қайта өрлеу дәуіріндегі Кристофер Марлоның «Тамерлан», Шекспирдің «Антоний мен Клеопатра», классицизмдегі Расиннің «Баязет», Ағарту дәуіріндегі Вольтердің «Заира», «Фанатизм немесе Мұхаммед пайғамбар», «Задиг немесе Тағдыр», «Патшайым Вавилонская», Монтескьенің «Персия хаттары», Превоның «Грек әйелінің тағдыры» туындыларының көркемділігін шығыс колориті арттырды.

Қайта өрлеу дәуіріндегі романның құрылымына үнді әдебиетінің көне дидактикалық туындысы «Панчатантра» циклі прототип саналады. «Панчатантра» Европада көптеген тәрбиелік мазмұндағы әңгімелердің тууына себеп болды. Шығыс әдебиеті Батыс әдебиетіне тек композициялық қана емес, идеялық тұрғыдан да әсер етті.

Шекспирдің «Отеллосында» екі кейіпкер – европалық пен европалық емес (мавр) образы трагедия түрінде бір-біріне қарама-қарсы қойылады. Батыс әдебиетіне шығыс персонаждарын әкелу арқылы Шекспир Отелло мен Ягоның полярлы образдарымен өз заманында тарап отырған нәсілдік көзқарас пен өркөкірек ұлтшылдықты сынады. Батыстың жалған, ойдан шығарылған көзқарастары мен үлкен кемшіліктерін сынау үшін шығыс кейіпкерін таңдау идеясы осылай пайда болды.

Проза. Тарихи роман

Шығыс жайлы басқа шығармалардың қатарында Вальтер Скоттың «Талисман» (ағыл. The Talisman) романы крест жорығын суреттеуші роман ретінде басты орынға ие болды. Роман әдебиетке шығыс тақырыбындағы тарихи романның жаңа типі болып келді. Скоттың бұл туындысында шығыс әлемінің өзіндік құндылықтары ғана емес, сонымен бірге екі мәдениеттің синтезі идеясы анық жүзеге асты.

Романды жазу барысында Скотт сол дәуірде Европада белгілі болған шығыс әдебиетінің өте мол үлгілерін оқып шықты, олардың қатарында шығыс поэзиясы, даналығы, крест жорықтарының тарихы бойынша жазылған тарихи еңбектер, ауызша тараған әңгімелер, балладалар мен тарихи тұлғалардың өмірбаяндары болды.

Шығыс тақырыбына жазылған Батыс әдебиетінің әр туындысы көркем шығарма ретінде Шығыс қоғамы мен өмірін әр қырынан өз қолтаңбасымен танытады. Ал нақты мысалы қандай? Олардың қатарында ерекше орын алатын В. Скоттың «Талисман» романына тоқталайық.

Роман 1825 жылы жазылған. Жазушы роман Шығысқа қатысты тақырыпты уақыттың ағымымен таңдаған. «Талисман» 1189–1192 жылдары неміс императоры Фридрих Барбаросса, француз королі Филипп II және ағылшын королі Ричард I Арыстан жүректі бастаған үшінші крест жорығын және Иерусалимнің королі атағына таласты суреттеуге арналған.

Романның басты кейіпкері Салах ад-Дин Йусуф ибн Аййуб Мысыр мен Сирия (1171–1193) сұлтаны, үшінші крест жорығына қарсы мұсылмандарды басқарған атақты қолбасшы.

Кез келген көркем шығармада оқиға мен сезім қиялдың қатысымен өзгертіледі, ал ол тарихи шындықты бұрмалайтыны белгілі. Романның алғысөзінде Скотт шығармадағы тарих,



аңыз және қиялдың арақатынасы жайлы өзі жазады. Жалғыз таза шындықтың өзі оқырманға көркемдік ләззат бере алмайды. Скоттың айтуынша романның міндеті тарихи фактілерді ғылыми түрде қатаң сақтау болған жоқ. Тарихи роман жазатын автор үшін маңызды нәрсе оқиғаны қазіргі оқырманға түсінікті және қызықты етіп баяндау. Оқырманның бойында аз ғана болса да тарихқа қызығушылық ояту.

Скотт «Талисманда» суреттелетін оқиғалар тұсында өмір сүрген немесе оған қатысқан ортағасырлық тарихшылардың еңбектеріне сүйене отырып, шынайы тарихи деректерді пайдаланған.

Романның негізгі сюжетіне ғажайып әсері бар талисман жайлы аңыз алынады. Талисманның құпиясы оның безгек және басқа аурулар жұқтырған науқастарды емдейтін қасиетімен байланысты болған. Романда мұсылман емші тура осы талисманмен барон Кеннет пен Ричардтың өзін емдейді. Салах ад-Дин талисманды романда граф Хантингдон (Кеннет) мен Эдит Плантагенетке некелесу тойында екеуіне сыйлайды. Олар оны Шотландияға алып кетеді және ол қазір де рыцарь сэр Саймон Лидің отбасында сақтаулы дейді. Талисманның қан тоқтату және безгекті емдеу қасиеті болған.

Вальтер Скотт әлем тарихында ерекше орны бар оқиға крест жорықтары кезеңі жайлы жаза отырып, ортағасырлық екі әлемнің драмалық шайқасын, европа мәдениеті мен араб мәдениетінің қақтығысын көрсетеді.

Романда автор «жекеден жалпыға» аталатын тарихи әдісті қолдана отырып, романның композициясын құрады, ол сыртқы тарих пен жеке тарихтан тұрады. Вальтер Скотт өткен кезеңнің өткір және драмалық оқиғаларын асқан шеберлікпен суреттей отырып, оларды тек екі экономикалық және саяси жүйенің қақтығысы ғана емес, сонымен бірге екі өткір мінездің де қақтығысы ретінде көрсетеді.

Романда Ричард Арыстан Жүрек пен Салах ад-Дин өз дәуірінің типтік бейнелері ретінде бір-біріне қарсы қойылады. Ол екеуінің қарсылығы арқылы екі мәдениеттің дәстүрлері танылады. Скотт осы арқылы аса күрделі шығармашылық міндетті орындап шықты және өте айшықтығымен, көрнекілігімен тамаша саналған шығарма тудырды.

Романның шөл даланы, Өлі теңізді, жалаңаш құз жартастарды, сол далада жалғыз өзі кетіп бара жатқан салт атты рыцарь Кеннетті суреттеуден басталуының өзі екі әлемнің алғаш кездесуін көрсетеді. Оқырман бір-бірімен соғысып жатқан екі әлемнің, екі діннің өкілдерімен кездеседі. Екеуінің арасындағы диалог арқылы діни және моральдық айырмашылықтардың табиғатын байқайды. Екі түрлі мәдениеттің арасындағы қарама-қарсылық бірден бірнеше қырынан танылады:

- портреттік қыры – «сырт келбеті және бет пішіні жағынан қарсыластар бір-біріне толығымен қарама-қарсы көрінді, олардың әрқайсысы өз ұлтының нағыз өкілі еді. Франк дене бітімі жағынан күшті және көне готқа ұқсайтын... Шығыс әміршісі батыстың кресттағушысына толығымен қарама-қарсы тұрды»;
- мәдени-тұрмыстық қыры – «екеуі де биязы еді, бірақ христианның сыпайылығы өзінің айналасындағылардың алдындағы парызын түсінуден шықса, шығыстықтың сыпайылығы оның тегіне мақтанышынан және өзінің қадір-қасиетінен шыққан еді»;
- діни қыры (Кеннет – христиан, ал мавр – мұсылман);
- экзотикалық қыры – шотландтық үшін экзотика шөл дала мен Өлі теңіз, «онда әлі күнге дейін қарғыс жатыр, одан да, оған құятын өзеннің суынан да не адам, не аң су ішпейді», ал мавр үшін «суды құз сияқты қылатын» суық;
- ұлттық-этикалық – (Кеннет – шотландтық, ал мавр Шеергоф өзін демон/шайтандардың тайпасына жатқызады).

Осындай сыртқы, ішкі, тұрмыстық айырмашылықтарды ашық көрсету арқылы шығарманың өн бойында романтизмге тән салғастыра суреттеу жүзеге асады.

Романның басты кейіпкері араб қолбасшысы Салах ад-Дин, ол шығармада өзінің қарсыластарынан ақылы мен парасаты арқылы асып түседі. Жазушының берген сипаттамасы белгілі дәрежеде тарихи шындыққа сай келеді. Иерусалимді алу кезінде кресшілер әйелдер мен балаларды аяусыз өлтірген болса, Салах ад-Дин мүлде басқаша әрекет етеді. 87 жылы осы қаланы алу кезінде жауыздыққа жол берілмеуі үшін арнайы күзет орнатып, барлық



тұтқындарды аз ғана төлеммен бостандыққа шығарады. Романдағы Салах ад-Диннің Кеннетке: «Соғыста қарттарды да, мүгедектерді де, әйелдерді де, балаларды да өлтірме. Ел қаңырап бос қалмасын...» деген сөзінің шынайы өмірде тарихи негізі бар.

Скотт романда Салах ад-Диннің бойындағы терең даналық пен асқан әділеттілік арқылы өзінің Шығысқа деген сүйіспеншілігі мен құрметін көрсетеді.

Ал талисман шешілмеген жұмбақтың, белгісіздік пен рухани күштің символы ретінде Шығыстың шексіз құпиялығын сездіреді.

Романда крест жорықшыларының көсемі ағылшын королі Ричард I Арыстан Жүрек Салах ад-Диннің бойындағы ержүректік пен қарсыласына деген құрметіне таңғалады. Вальтер Скотт осы арқылы өзінің Шығысқа деген көзқарасын анық жеткізеді. Салах ад-Диннің бойындағы бар қасиет – ол үшін Шығыстың қасиеті. Салах ад-Дин – Шығыстың образы.

Саяхатшылар жазбасы

Шығысқа сапар шеккен саяхатшылардың сансыз жазбаларының қатарында Франция әдебиетінің өкілі Жерар де Нервальдің «Шығысқа саяхат» атты шығармасы назар аудартады. Нервальдің шығармашылығы көпқырлы, ол ақын, драматург, аудармашы, әрі публицист болған, ал романы аяқталмай қалған.

«Шығысқа саяхат» (Voyage to the Orient) – оның ең үлкен шығармасы. Ол Шығыс жайлы ең маңызды туындылардың қатарына жатады.

Нервальдің Шығысқа сапары қалай, неден басталғаны жайлы нақты дерек жоқ. Тек бізге жеткен хаттарының бірінде оның Францияның кез келген мемлекеттік кораблінде тегін жүруге рұқсат алғаны жөнінде ғана мәлімет бар. Алайда ол мүмкіндік үкіметке берген өзінің өтінішіне жауап па, әлде министрліктің ұсынысы ма – ол белгісіз. Оның шығармашылығын зерттеушілер ал сапардың өзіне қажетті қаражатты оған баспалардың бірі мен газеттер қаламақы ретінде берген болуы мүмкін. Нерваль ол қаражат үшін сапары жайлы жазбаларын жіберіп отырған сияқты деген болжам айтады. Берілген қаражат көлемі аз болғандықтан Нерваль Шығыстағы сапарының уақытын барынша созу үшін ақшасын үнемдеуге мәжбүр болған.

Ол Парижден шыққан соң Лионға, одан кемемен Авиньонға, ары қарай Марсельге, одан Мальтаға сапар шегеді. Мальтадағы аз кідірістен соң 1843 жылдың 16 қаңтарында Александрияға, айдың соңында Каирге жетеді. Нерваль өзі болған елдердің барлығында сол жердің әдет-ғұрпына сай жүріп-тұруды әдетке айналдырған. Ол шашын алып тастап, көшеде шығыс киімін киіп жүреді. Саяхатшының бұл кейпі өз таныстарына күлкілі болып көрінгенмен оның өзіне халықтың арасында ерекше көзге түспей, тұрғындармен жеңіл түсінісуге, оларды қысылмай бақылауға, кәпір ретінде қуылмай діни рәсімдерге қатысуына мүмкіндік берген.

Нервальді Мысырдың көне ескерткіштері емес, қала тұрғындарының өмірі қатты қызықтырған. Онда жүріп те ол Шығыс жайлы білімін толықтыру үшін кітап оқуға көп уақытын арнаған. Каирде үш ай болған ол Ливанға сапар шегеді. Әкесіне жазған хатында ол Ливанда марониттердің арасында бір ай шамасында тұрғанын, алайда Сирияда оба ауруының қатты таралып кетуіне байланысты Дамаскге бара алмағанын жазады. Жоспары орындалмаған соң кемемен Константинопольге аттанады.

Алғашқыда Каирдің колоритімен салыстырған ол Константинопольден аса үлкен әсер алмайды. Бірақ жергілікті ерекшелікті сезінгісі келіп керуен сарайға орналасқанда оның пікірі өзгереді, бұл қаладағы уақытын да ол өте әсерлі өткізеді. Ұзақ сапарлардан, әсіресе қаржының тапшылығынан шаршаған ол 28 қазанда Европаға қайтуға шешім қабылдайды.

1844 жылы 1 немесе 2 қаңтарында ол Парижге жетеді. Нервальдің ойынша ориенталист жазушы пейзаждар мен адамдардың сырт келбетін бақылауға, оны әсерлі етіп әңгімелеуге ғана қабілетті болмауы керек, онымен бірге танымпаз, білімді болуы тиіс. Осы себепті ол Францияға қайтқан соң да Шығыс тақырыбындағы кітаптарды көп оқиды, өзіне дейінгі авторлардың еңбегінен мәлімет жинайды. Сондықтан «Шығысқа саяхат» туындысы тек Нервальдің емес, Шығыс елдеріне оған дейін сапар шеккен саяхатшылардың, түрлі мамандардың да естеліктерінің жинағы болып шыққан.



Роман жанрының канондарына басымдық бергенмен, Нерваль шығармада Шығыстың боямасыз, шынайы картинасын берген. Басқа жазушылардан оның негізгі айырмашылығы – оның экзотикалық шығыс елдерін сырттай бақылаушы ретінде емес, жергілікті мәдениетке барынша жақын араласып суреттеуге ұмтылғанында.

Шындықты көркем тілмен жеткізу үшін қатаң логикаға сүйенген мәліметтен гөрі бейнелейтін нысанға деген сүйіспеншілік көбірек қажет. Дәл осы қағида Нервальдің шығыс адамының типтік бейнесін емес, жеке адамдардың мінезін суреттегенде жүзеге асқан.

Нерваль Көне Мысырдың сипатты ерекшелігі адамзат баласы тегінің бір екендігі жөніндегі идея деп санайды. «Уақыттан жеңілмейтін құрылыстар тұрғызған, оның қабырғаларында көркемөнер мен қолөнердің барлық түрінің ізін қалдырған халық, сөзсіз, бүкіл адамзаттың құрметіне лайық», – дейді.

Каир тұрғындарын суреттегенде Нерваль өзі солардың ортасында отырғандай баяндайды: «каирліктер уақытын төменгі қабаттағы бөлмелерде өткізеді, олардың еденіне әдетте мрамор немесе фаянс төселген және айналаны салқындату үшін субұрқақтар орнатылған. Күндіз сондай-ақ уақытты моншада өткізуге де болады, моншаның шағын домалақ терезелері бар мұнаралы төбесі жұлдызды аспанды еске салады. Бұл моншалардың көбісі шындығында сарай сияқты, олар византиялық стильде салынған, тіпті мешіт немесе шіркеу ретінде пайдалануға болар еді».

Шығысты «қасиетті мекен», «ортақ отанымыз», «барлық әлемдік діндердің отаны» деп атау арқылы Нерваль адамзат тарихы жайлы өзіндік ой түйеді.

Шығыс туралы жазылған көркем шығарма, әрине, көп. Олардың нақты санына жету мүмкін емес. Алайда жекелеген шығармалармен танысу арқылы батыс авторларының Шығыс жайлы көзқарастарының әртүрлі екеніне көз жеткіземіз. Ол әрине түсінікті жағдай, себебі, әдебиет ол өнер. Ал өнер туындысы шындық пен қиялдың біріккен өнімі.

Бір автор үшін Шығысты әдемі табиғат, қиял мен ертегінің мекені, экзотика, сән мен салтанат, сезім мен сүйіспеншілік, ақыл мен даналық деп қабылдаса, басқа біреу Шығысты қаталдық пен зұлымдық, надандық пен жабайылық, қантөгіс таратушы деп санайды.

Дегенмен Батыста Шығыс жайлы жазылған шығармалардың қатарында оның жағымды образын бергендердің саны көбірек екенін көреміз. Себебі ақындар үшін Шығыс – нәзік сезім мен ыстық сүйіспеншілік, жомарттық пен сырбаздық. Оны біреу тәнқұмарлық, дарақорлық немесе өркөкіректік деп түсінеді. Жазушылар үшін Шығыс – көбіне ержүректік пен даналық, ал оны басқа біреу қатігездік немесе қулық деп түсінеді. Саидті сынаушылар осыны басшылыққа алған. Ал оқығанынан тұжырым жасау оқырманның өзінің еркінде.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары

1. Шығыстың Батыс әдебиетіндегі образы қандай?
2. Батыста Шығыс жайлы қандай көркем туындылар бар?
3. Онда Шығыс жайлы не баяндалды?
4. Саид өз еңбегінде оны неге «бұрмаланған, шындыққа жанаспайтын образ» деді?

Өздік жұмыс тапсырмалары

1. Вальтер Скоттың «Талисман» (ағыл. The Talisman) романын оқып шығыңыз.
2. Жерар де Нервальдің «Шығысқа саяхат» (Voyage to the Orient) шығармасының мазмұнымен танысыңыз.

Ұсынылатын ресурстар

1. Said Edward W., Orientalism. London: Penguin, 2003. 396 p.
2. Саид Э., Ориентализм. С-Петербург: Русский Мир, 2006. 639 с.



Кітап: Ориентализм

Дәріс: 14. Европа әдебиетіндегі «Басқаның» образы

3. <https://www.labyrinth.ru>.
4. nerval_puteshestvie_na_vostok_1986.
5. Романчук Л. «Соотношение истории, легенды и вымысла в романе Вальтера Скотта «Талисман». <http://romanchuk.narod.ru>.